

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1090 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қыркүйек N 1133

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1090 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелерінің мүлкі, 1-қосымшаға сәйкес, оларды сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1-қосымшаға сәйкес "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы құрылымдық бөлімшелерінің мүлкін сату жөнінде ашық тендерлер ұйымдастырсын және өткізсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі